Историческая справка представляет собой подробное изложение событий, предшествующих Узун-Агачской битве 21 октября 1860 г., непосредственное описание самого сражения и его значения в истории Семиреченского края. Сообщается о том, что весной 1854 г. отряд под начальством пристава Большой орды майора Перемышльского приступил к сооружению заилийского укрепления Верный. Материал содержит описания многочисленных стычек, сведения о движении кокандских полчищ под предводительством Канаат-Ша и энергичных действиях начальника округа, подполковника Колпаковского Г.А. и войск, защищающих подступы к Верному. Победа в Узун-Агачской битве – «матери всех последующих побед и завоеваний в Средней Азии» - стала первым прочным камнем в фундаменте Семиречья.

140. ПИСЬМО Действительного члена Общества П.П. Семенова о путешествии его в Киргизской степи Сибирского ведомства // Вестник

Императорского Русского Географического общества. - СПб, 1856. - Книжка V. - С. 1-6.

В письме, написанном в «Алматы, или укреплении Верном, 18 сентября 1856 г.» представлен краткий отчет о результатах путешествий и исследований по Алтайскому округу, юго-восточной части Казахской степи, между Балхашом, Алатау и Иссык-Кулем. Как пишет автор: «приезд в Алматы, вечером 27 августа, произвел на меня магическое впечатление».

141. ПИЧУГИН П. Вторжение коканцев в Алатавский округ в 1860 году // Военный сборник. - СПб. - Т. LXXXV. - С. 5-40.

Статья посвящена событиям, связанным с Узун-Агачской битвой русских войск с кокандцами в октябре 1860 г. В ней подробно описывается обстановка в войсках, среди населения в поселениях Кастек, Узун-Агач, Каскелен, Илийском, г. Верном. Как пишет автор: «Настоящий очерк составлен по подлинным данным, дополнен рассказами очевидцев и ни в чем не уклоняется от строгой передачи фактов. Коканцы не понесли решительного поражения, строго говоря, даже не были разбиты; но воинский жар их остыл, а испытанные сильные потери их отвадили, проучили, сделали то, что они не решились на второе нападение, а отступлением своим признали себя побежденными». К статье прилагается Карта средней части бывшего Алатауского округа и План действий под Узун-Агачем 19-21 октября 1860 г.

142. СЕМЕНОВ П.П. Первая поездка на Тянь-Шань или Небесный хребет до верховья системы р. Яксарта или Сыр-Дарьи Действительного Члена П.П. Семенова в 1857 году // Вестник Императорского Русского Географического общества. 1857. - СПб., 1858. - Ч. 23, кн. 2. - С. 1-24.

В статье дается описание Тянь-Шаня, горной системы Алатау, реки Или и Илийской долины, укрепления Верного. К статье прилагается карта части внутренней Азии с хребтами Джунгарским и Заилийским Алатау, Тянь-Шанем и озером Иссык-Куль и список горных проходов, означенных на карте.

143. СЕМЕНОВ П.П. Письмо Д.Ч. Императорского Русского Географического Общества П.П. Семенова к исправляющему должность Секретаря Общества. Семипалатинск, 20 октября 1857 // Вестник Императорского Русского Географического общества. - СПб., 1858. - Ч. 21, кн. 5. - С. 119-128.

В письме дается краткий отчет о результатах исследования местности на Алтае, Тянь-Шане, в Заилийском Алатау, говорится о необходимости организовать в укреплении Верном постоянные метеорологические наблюдения, выражается благодарность художнику П.М. Кошарову, сопровождавшему экспедицию и сделавшему рисунки ландшафтов местности, жителей Казахского края, их домашней утвари и одежды.

144. ФЕДОРОВ Д. Опыт военно-статистического описания Илийского края. Ч. I. - Ташкент, 1903. - 299 с.

Дается краткий исторический очерк Илийского края, описывается его орографическое и гидрографическое устройство поверхности, пути сообщения и дается общая характеристика магистральных путей, имеющих военное значение. Упоминается, что в 1854 г. на р. Алматы основано укрепление Верное (С. 28).

ВЕРНЫЙ ҚАЛАСЫ. 1867-1921 жж. ГОРОД ВЕРНЫЙ. 1867-1921 гг.

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ДАМУ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ЖИЗНЬ

145. АҚТАЕВ С. Ханзаданың қасіреті. – Алматы: Жібек жолы, 1999. – 7-141 бб.

Кітапта Абылай хан бастаған тұғыры биік тұлғалар жайлы тарихи деректер берілген. Абылай хан біраз уақытқа дейін әділ бағасын ала алмай, тарихтан тиісті орнын таппай келді. Тек 1991ж. Қаз.ССР ҒА-сы ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырып, оның қайраткерлік қызметін, ерлігін көрсететін құжаттар мен деректерді ортаға салды. Оның 280 жылдық мерей тойы аталып өтті. Сол жылдары Алматының басты көшелерінің біріне оның аты берілді. Алматының темір жол қақпасы маңында ескерткіш орнатылған. Абылай хан ұрпақтарының біразы Жетісу жерінде өмір сүрген. Ұлы саяхатшы Ш.Уәлиханов өз жолында Алтынемелден Ілеге дейін, одан Шеңгелдіге (Алматы облысы) дейін келген. Жорыққа қатысатын Іле жасағы Верный бекінісінде жасақталады. Осының бәрінен Шоқан хабардар болатын. Сондықтан ол саяхатын күрт тоқтатып, Верныйға қайтып оралады.

146. АМАНДОСОВ Т. Верныйдағы большевиктік тұңғыш қазақ газеті. – Алматы, 1959. – 3-36 бб.

Коммунистік партия негізін салған большевиктік баспасөздің халқымыздың шежіресі мен тарихы екендігі белгілі. Совет үкіметін орнату жолындағы күрес Ресейге қарағанда Қазақстанда қиынға түсті. Осы жайлы және басқа да жаңалықтар жайлы ақпарат таратуда баспасөз ролі өте жоғары болды. Соның айғағы ретінде ҚКП-ның негізгі органы – «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттері шыға бастады. Жергілікті газеттер де шығарыла бастады. Бұл кітапшада Верный (Алматы) қаласындағы тұңғыш газет – «Большевиктік қазақ газеті» туралы баяндалады. Осы газеттер арқылы большевиктердің күресі жайлы деректер жарияланып отырды. Верный қаласында Совет үкіметін орнату жолындағы күрес жайлы тарихи деректер де жарияланды. 1918ж. Верныйда большевиктік тұңғыш қазақ газеті шықты. Верный Совдепі газет арқылы халықты күреске үндеді. Бұдан басқа Верный қаласында халық

университетінің ұйымдастырылғандығы жайлы, т.б. тарихи мағлұматтар беріліп отырды. 1919ж. Верный қаласында «Көмек» газеті шығарыла бастады. 1920ж. Верный қаласында облыстық партия съезі өткізілді. Газетте съезд материалдары жарияланып отырды. Сонымен қатар даңқты қолбасшы Д.Фурмановтың Алматы қаласында болғандығы жайлы мағлұматтар да осы кітапшадан орын алған. Верный қаласына қатысты басқа да тарихи деректер бар.

147. АМАНЖОЛОВ К. Түркі халықтарының тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Білім, 1999. – 3-кітап. XVIIIғ. 2-ші жартысынан XX ғасырдың 1-ші ширегіне дейінгі кезең. – 112-148 бб.

Кітапта XVIIIғ. 2-ші жартысынан XX ғасырдың 1-ші ширегіне дейінгі түркі әлемінің дағдарысы мен құлдырау кезеңі, Ресейдің отарлау саясаты туралы айтылады. Қазақстанда 1867ж. Жетісу өлкесін Ресейге қосу үшін жіберілген Жетісу казак әскері құрылды. Казактар Жетісу жеріне тірек пункттерін салды. Үлкен Алматы, Лепсі, Қаскелең, 1864ж. Кіші Алматы станицалары орнады. 1853ж. Қапалдан Іле өлкесіне иелік ету мақсатында бірнеше Ресей отрядтары шығарылды. Сөйтіп, Үлкен және Кіші Алматы өзендері арасындағы алқапқа тоқтайды. 1854ж. Іле бекінісі (Верный) ашылды. Кейін Алматы станицасының іргетасы қаланды. Ресей казактары Жетісу жеріне көшіп келе бастады. Верный мен Қапал, Қаскелең арасында да казактар көбейді. 1864ж. Черняев отряды Шу аймағын жаулау үшін Верныйдан Оңтүстікке аттанды.

148. БРАЙНИН С., ШАПИРО С. 1916 жылғы Жетісу қазақтарының көтерілісі. – Алматы: Қазақстан, 1936. – 25-37 бб.

Бұл кітапта баяндалған көтеріліске Верный қаласының да қатысы болғандығы айтылады. Верный қаласында және Жетісудың басқа жерлеріндегі солдаттар арасында наразылықтар біліне бастаған. 1905 жылдың соңында Верный және Жаркент уезінде күшті қорғаныс жағдайы жарияланды. Верный қаласында әскерге алынғандарды соғыс майданына аттандырды. Верныйда болған көтерілістің айтарлықтай ауқымда өткендігі жайлы айтылады.

149. 1916 жылы Жетісудағы қазақ-қырғыздың патшаға қарсы көтерілісі. Әли батыр / Кенен Әзірбаев. – Ж.б. - 52-61 бб. (Қолжазба).

1916 жылғы патшаның июнь жарлығына қарсы Жетісу жеріндегі халық көтерілісі. Әли батыр, қырғыздан Қанат батыр, Әлқожа, Құрманкүл болыс, Қырғызбай, Бекболат, Мақыш батыр және тағы басқа Шапыраштыдан шыққан батырлар. Ботбай елі. Қаскелең, Қастек, Ұзынағаш жеріндегі толқулар. Орыс солдаттары мен қазақтар арасындағы қақтығыс суреттелген.

150. [ВЕРНЫЙ қаласының елтаңбасы] // Шаймерденұлы Е. Елтану әліппесі. Қазақ елінің рәміздері. – Алматы: Рауан, 1998. – 55-56 бб.

Верный қаласының елтаңбасы 1878ж. 1 шілдедегі патша жарлығымен қабылданған. Жоғарғы жағынан – патша тәжімен, айнала – алтын түсті емен жапырақтарымен және Александр лентасымен көмкерілген. Жетісу (Семиреченский) облысының орталығы болған Верный қаласының елтаңбасының бас жағындағы үштен бір бөлігіне Ресей мемлекеттігінің негізгі рәмізі – екі басты бүркіт бейнесі орналастырылған, ал қалған үштен екі бөлігін төңкерілген, яғни төмен қаратылған жарты ай суреті алып жатыр. Мұнда Ресей мұсылмандары тұрады дегенді білдірсе керек. Яғни, бұл саяси сипаты басым елтаңбалар қатарына жататын рәміз.

151. ДЕМКО Д. Орыстардың Қазақстанды отарлауы, 1896-1916. – Алматы: Ғылым, 1997. – 4-164 бб.

Кітапта орыстардың Қазақстанды отарлауы туралы баяндалады. Отарлау аймағына Қазақстанның басқа облыстарымен қоса Жетісу облысының аймағы кіреді. Іле өзенінің оңтүстік жағалауы жаулап алынып, Верный бекінісінің іргесі қаланды. Верныйдан әскери құрамалар аттандырылды. 1915-16жж. Жетісу облысынан кері қоныс аударушылар көбейді. Жетісу облысындағы мигранттар саны күрт көбейді. Жетісу облысындағы келімсектер қоныстары Лепсі, Қапал және Пржевальск аудандарындағы қазақ мекендері төңірегіндегі, әсіресе, Верныйдан, солтүстік батыс бағытта өрбіді. Жетісу облысының Қытаймен шектес жерлерінде арнайы зона құрылды. Жетісу облысында қазақ және шаруа қоныстары миграция орталықтарынан, Верный қаласынан бастау алып, кеңейе дамыды. Жетісу облысының ауыл шаруашылығы, экономикасы өзгешелеу болды. Оған қоса Верный арқылы Түркістан-Сібір темір жолын салу жоспарланды.

152. ЖЕТИСУ қазақтары жайынан / Қазақ газеті. – 1914. – 16.IV (№58); 23.IV (№59); 17.V (№62).

Жетісу жерінің тұрмыс жағдайына, халқына, географиясына, ауа-райына байланысты тарихи очерк. Жетісу жерінің тұрғылықты халықтары көбінен Үйсіндер мен Наймандар. Онда 120 мың үйден аса қазақ, 42 мың үйден аса қырғыз тұрады.

153. ЖЕТИСУ облысында // Айқап журналы, 1914.- №3. – 45-б.

Жетісу облысы қазақтарына 600 десятина жер кесіліп берілу қаралуда. Алматы, Қапал, Жаркент уездерінен.

154. ҚАЗАҚ ССР тарихы: Көне заманнан бүгінге дейін: 5 томдық. – Алматы: Ғылым, 1981. – Т.4. – 17-600 бб.

Кітапта Қазақстандағы социалистік революция мен социализм орнатылуы тарихының түбегейлі проблемалары зерттелген. Жұмысшы депутаттарының Верный Советі өзінің 1-ші мәжілісін өткізіп, құрамын әскери гарнизон депутаттарымен толықтырды. Уездік съезде басқа советтермен бірге Жетісу облыстық Советі құрылды. Орталығы Верный қаласы болды. Басқа қалалармен қатар Верный қаласында да кәсіподақ

комитеті құрылды. 1917ж. жұмысшы және солдат депутаттарының «Верный Советі» ештеңе бітірмейтін орган болғандықтан, Уақытша атқару комитетін жойып, оның міндеттерін жұмысшы және солдат депутаттары Советіне жүктеу туралы қаулы шығарды. Верный Советінің бұл қаулысы буржуазиялық топтардың арасында үлкен толқулар туғызды. Орталығы Верный қаласымен (қазіргі Алматы) қоса Жетісу облысында Совет үкіметін орнату жолында қызу күрес жүрді. 1917ж. Жетісуда ақ гвардия диктатурасын орнатты. Жұмысшы депутаттарының Верный Советі құрылды. 1918ж. Верныйда қарулы көтеріліс болып, Совет үкіметі орнатылды. Осы жылы Верный қаласында жергілікті өкілдердің (депутаттардың) қатысуымен съезд өткізілді. 1918ж. апрельдің ортасында Верныйда жағдай қиындап, ақ гвардияшылар қаланы қоршап алады. Осы жылдың күзінде Жетісу облысында да ұрыс қимылдары күшейе түсті. Іле өлкесі мен Верный қаласын алу туралы бұйрық берілді. Шаруалар Қызыл Армияның Верныйдан келген құрама отрядының көмегімен ақтарды қуып тастады. 1920ж. Қазақстанның кейбір облыстарында ақ гвардиялық-кулактар бүліктері болды. Осы жылдың 12-июнінде Верныйда да осындай бүлік басталды. Кітапта Верный қаласына қатысты тарихи мәліметтер өте көп. Социализм құру ісінен бастап, Қазақстанда, оның ішінде Верный қаласында экономика, мәдениет дамуы туралы мәліметтер де берілген.

155. ҚАЗАҚСТАН тарихы: Көне заманнан бүгінге дейін: 5 томдық. – Алматы, 2002. – Т.3. – 495-645 бб.

Кітап XVIIIғ. басынан 1917 ж. дейінгі Қазақстан тарихына арналған. Сонымен бірге Қазақстанның Ресей құрамына еніп, хандар билігінің жойылуы туралы да айтылады. Кітаптағы тарихи деректердің Алматы қаласына да қатысы болғандықтан осы қала туралы да тарихи мәліметтер орын алған. Жетісуда егін шаруашылығының дамуына XIX ғ. 70-90жж. Шығыс Түркістаннан қоныс аударған ұйғырлар мен дүнгендер ықпал етті. 1884ж. басына қарай Жетісудағы мыңдаған ұйғырлар мен дүнгендер Верный уезінің Шелек және Талғар елді мекендеріне және Верный қаласына орналасты. Қазақ өлкесінде сауда-саттық та дами бастады. Әсіресе, Верный сияқты сауда орталықтары айрықша көзге түсті. Ірі-ірі жәрмеңкелер, солардың ішінде Верный қаласында өткен Қарқара жәрмеңкесі. Бұдан басқа да Алматы қаласына қатысты тарихи деректер кездеседі. Алматы қаласының Верный деген атпен аталғаны белгілі. Бұл ең алғаш Алмалық деген жерде пайда болған. П.П.Семеновтың айтуынша Алматы қаласы Алматинка өзенінің бойында орналасқан. Экономикалық және саяси мәселелерді шешумен қатар, Іле өзені арқылы пароход қатынасын ұйымдастыру – Верный қаласының ірі шаруашылығын өркендетуге ықпал етті. Дала өлкесінде Сібір сауда банкі жұмыс істеді, оның құрамында Қазақстан филиалы Верныйда т.б. қалаларда жұмыс істеді. Оқу-ағарту ісінде ірі тұлғалардың еңбектері туралы да айтылған. Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Абай сынды ірі тұлғалардың еңбектері туралы да мәліметтер бар. Ш.Уәлиханов 1864ж. Верныйға қайтып, 1865ж. Алтынемелде қайтыс болады,

осы жерде жерленеді. 1916ж. ұлт-азаттық қозғалысына да Верный қазақтарының қатысқандығы айтылады. Верныйдан басталған көтерілісті Б.Әшекеев, Т.Бокин т.б. басқарды. Верный уезі Ұзынағаш болысының Үлкенсаз мекенінде 1000-даған адамдар қатысқан съезд болып өтті. Осы съезде көтеріліске қатысты, т.б. әлеуметтік мәселелер қаралды.

156. ҚАРҚАРА айбаты: Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: Өлке, 1994. – 6-163 бб.

Қазіргі кезде еліміздің өткен тарихына деген қызығушылықтың артуына байланысты сол тақырыпты кең ауқымда ашу мақсатында көптеген басылымдар, тарихи деректер шығарылуда. Сондай дерек көзі – Қарқара айбаты. 1991 жылы Қазақстанда болған ұлт-азаттық қозғалысының 75 жылдығы аталып өтті. Бұл қозғалысқа Қазақстанның әр түкпірінен, әсіресе, Алматы облысынан көп қатысты. Жетісу аймағының бірнеше облыстарынан, солардың ішінде Алматы облысының Сөгеті. Шелек, Қарқара, Верный уезіндегі Қорам, Ұзынағаш т.б. болды. Верныйға патша жарлығы туралы хабар жетісімен, бірнеше болыс бірігіп, сол мәселені талқылады. Верный қаласының облыстық әскери губернаторы Фольбаумға Отар ауданының қазақтары бірігу мақсатында көше бастады деген хабар келеді. Верный уезінің Қорам болысының 68 тұрғыны болыс А.Абдурасуловты өлтіріп, майданға барушылар тізімін құртып жібереді. Жетісуда осылай басталған толқулар қарулы көтеріліске ұласады. Верный уезінің шығысындағы Асы жайлауында тұрғындардан құрылған 200 адамдық қарулы қол көмекке келіп, полицейлерді Верныйға қарай қуып тастайды. Осы тұста көтеріліс Верный уезінің батысында да басталады. Жетісу өңіріндегі ірі көтерілістің бірі – Қарқара жайлауында болды. Сол жылы қазан айында Жетісу көтерілісшілері жеңіліске ұшырады. 1916 жылы патша саясатына қарсы ірі ұлт-азаттық қозғалысы қазақ даласына жайылды. Оны Жетісуда Т.Бокин басқарды. 1916 жылғы Қарқара көтерілісінің басшыларының бірі – С.Қанайұлы Кеген ауданының тұрғыны. Ол көтерілістен соң да елі үшін аянбай еңбек еткен. Сондай ардагердің бірі – И.Шорманов. Ол Алматы қаласының комсомол және партия комитеті жанындағы ардагерлер кеңесінің жұмысына қатысқан. Алматы қаласының, облысының «Әділет» қоғамы мүшесі. 1916 жылғы Қарқара көтерілісі ерлерінің есімін есте қалдыру дәстүрлері жүргізіле бастады. Сондай игі істің бірі – Райымбек батырға Алматы қаласында ескерткіш орнату жұмысы алға қойылды.

157. ҚОЙГЕЛДИЕВ М. Жетісудағы Ресей билігі:(XIX-ғ. – 1917ж.). – Астана: Елорда, 2004. – 216 б.

Монографиялық зерттеуде жарты ғасырға созылған патшалық билік Жетісу өңіріне, оның халқының өміріне қандай жаңалықтар әкелгені туралы айтылады. Жетісудың табиғи байлығын игеру мақсатындағы іске асырған шаралары талданады. Кітап 3 тараудан тұрады. 1. Мүдделер тоғысындағы Жетісу. 1846ж. Кене ханның Жетісуға келуі, оны Жетісу жұрты қалай қарсы алғаны. Сол кездегі Жетісу өңірінде қалыптасқан саяси жағдай, орыс

билігінің бұл аймаққа ену ерекшеліктері. Ресей үкіметінің Жетісуда орыс ұлттарын (тұрғындарын) қоныстандыру саясаты. Қоныс аударушыларға 1846ж. үкімет тарапынан жеңілдіктер белгіленуі. 1855ж. Верный бекінісіне қоныстандыру шаралары. Үлкен Алматы станицасы негізі қалануы. 1856ж. желтоқсанда Верный жаңа құрылған Алатау округінің орталығына айналады. 2-тарау Ресей билігіндегі Жетісу. Бұл тарауда Жетісу облысы 6 уезге, яғни орталығы Верный қаласы және 5 уездік қалаға бөлінеді. Тарауда осы 6 уездегі болыстықтардың саны, отбасыларының және тұрғындарының саны, олардың ұлттық құрамы, облыс халқының қалалық және ауылдық құрамындағы өзгерістер, облыстағы өнеркәсіп орындарының және олардағы жұмысшылардың саны (Верный қаласы жеке) көрсетілген. Қолөнершілер саны, сондай-ақ денсаулық сақтау ісі, облыстағы дәрігерлік персоналдық құрам. Верныйдағы мектептер, медреселер. Верный уезінде 72 мұсылмандық оқу орындары болған. Мектептерде мұсылмандықтың әсерін әлсірету үшін жергілікті әкімшілік орындары мектептерде орыс тілін оқытуды талап етеді. 1913ж. 4 наурызда Верныйда орыс-түзем мектебінің ашылуы. 3-тарау Дағдарысқа тірелген билік. Жер мәселесі туралы. Жер мәселесінен туындаған қақтығыстар. Рухани мәдениеттегі өзгерістер (медреселер туралы). Билік дағдарысы. Жетісу өңіріндегі алғашқы наразылық (1868ж.).

158. ҚОҢЫРАТБАЕВ О. Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. – Алматы: Қазақстан, 1999. – 11-378 бб.

Кітапта ірі мемлекет басшысы болған, халқымыздың біртуар перзенті Т.Рысқұловтың өмірі мен қызметі жайлы баяндалады. Верный уездік халық депутаттары кеңесінің 1918ж. өткен мәжілісінде ашаршылыққа ұшыраған халықтың жағдайы қаралды. Т.Рысқұлов басқа да облыстармен қатар Жетісу аймағына да көп көңіл бөлді. Жетісу халқын қарусыздандыру, патша үкіметінің отарлау саясатының тарихын талқылау, саяси-әлеуметтік жағдайлары т.б. мәселелерді талқылады. Ол Жетісу облысын аралаған кезінде Алматы қаласында өткен облыстық 3-партия конференциясына қатысты. 1923ж. Алматы уездік-қалалық ұйымының жалпы жиналысына қатысып, оған «Қосшы» одағының өкілдері шақырылды. Бұдан соң ол Алматы, Талғар қалалары мен уездерін аралап, өзекті мәселелерді талқылады. Талғар – Т.Рысқұловтың туып-өскен жері. Ол «Жетісу мәселелері» деген кітап жазып, онда негізгі мәселелерге талдау жасаған.

159. ҚУАТОВ, Б. Отанымыздың тарихы туралы саяси әңгіме: Оқу құралы. – Алматы: Білім, 1993. – 16-187 бб.

Кітапта XIXғ.-XXғ. 20 ж. дейінгі дүние жүзіндегі саяси ағымдар мен партиялар сипатталады. Ресейлік буржуазия Қазақстанның табиғи байлығын игере бастады. Жетісу т.б. облыстарды басқару туралы уақытша ереже шығарылды. Ресейде казачество құрылып, оның ішінде Жетісу казактары Қазақстандағы отарлық саясатты жүргізудің құралы болды. 1868-1880 жылдары Жетісуға 3324 отбасы қоныстанды. Қазақстандағы бірінші социал-

демократиялық үйірмелер құрыла бастады. 1902ж. Верный гимназиясында да құрылды. Патша билігіне қарсы көтерілістер ұйымдастырыла бастады. Жетісудан (Алматы) Т.Бокин шықты. Көп кешікпей Верныйдағы революциялық жұмыстар тоқтатылды. Жер-жерде Қазақстанның уездік және облыстық съездері болып жатты. Съезд уақытша үкіметті қолдады. Мұндай қолдауға үкімет лайықты жауап берді. М.Тынышпаевты Жетісу облысының комиссары етіп тағайындады.

160. МАДАНОВ Х. Қазақ халқының арғы-бергі тарихы. – Алматы: ҚМӘБИ, 1995. – 25-235 бб.

Еңбекте қазақ халқының көне заманнан біздің дәуірімізге дейінгі тарихы баяндалған. Б.з.б. VII-VIғ. Жетісу обаларынан құнды, көне заттардың табылғандығы, Алматы облысының Есік қаласының жанынан да бірнеше молалардың табылғандығы, солардың ішінде Алтынмен қапталған адам мүсінінің табылғандығы айтылған. Жетісу бойында түркілердің қалалары өркендей бастады. XIVғ. Жетісу жерлерін қамтыған Моғолстан мемлекеті құрылып, орталығы – Алмалық қаласы болған. 1845ж. Кенесары Ұлы жүзге қоныс аударып, Жетісуға тоқтаған. 1854ж. Алатау баурайында Верный әскери бекінісі салынды. Жетісуда Кеңес өкіметін орнату жолындағы күрес 1918ж. дейін созылып, нәтижесінде Верный қаласында Кеңес өкіметі орнады. 1921ж. жер-су реформасы Қазақстанның көп қалаларында, оның ішінде Алматы, Қапал уездерінде жүргізілді. Мәдениет, ғылым өркендей бастады. Алматыда оқу орындары ашыла бастады. 1932ж. Қаз.ССР ҒА-сы құрылды. Алматыда жеңіл өнеркәсіп орындары жұмыс істей бастады. 1990ж. еліміздің тұңғыш президенті болып Н.Ә.Назарбаев сайланды. 1991ж. 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет болып жарияланды.

161. МАХАЕВА А. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы. (XVIIIғ. 2-ші жартысы, XXғ. бас кезі). – Алматы, 2007. – 11-177 бб.

Кітапта XVIII-XX ғасырлардағы қазақ пен қырғыз халықтарының саяси байланыстары тарихи мұрағаттық деректер негізінде баяндалады. Қазақтар мен қырғыздардың 1860ж. Ұзынағаш шайқасындағы күрестері жайлы да айтылған. Кенесары ханның Жетісуға келуі туралы да деректер берілген. Басқа да атақты батырлардың Іле өзені мен Алатау төңірегіне қоныстанып, Үш Алматы, Үшқоңырды азат етуге қатысқандығы туралы деректер де бар. 1896ж. Кенесары қолы Жетісуға өтіп, Үш Алматыны мекен етеді. Ондағы мақсаты – әкесі мен ағаларының кегін алу еді. Жетісу жері арқылы сауда керуендері өте бастайды. Үлкен Алматы өзені бойындағы бекініс иесі Тойшыбек батыр да азат ету күресіне қатысқан. 1832ж. Қоқандықтар Үлкен Алматы өзенінің Қаскелең өзеніне құяр жерінде бекініс салған. Бұл бекініс Алматы қаласынан 35-40 шақырым жерде. Ш.Уәлиханов Қастек, Қаскелең елді мекендеріндегі жазалау аралдары туралы жазған. 1853ж. Перемышльский Үш Алматы өзені бойында бекініс салуды жоспарлайды. 1854ж. Алматы бекінісі салына бастайды. Бұдан соң кешікпей Верный бекінісінің негізі қаланады. Ол ескі Алматы қаласының орнына салынады.

Сондықтан Алматы бекінісі деп аталған. Сол сияқты Алматы төңірегінде болған шайқастар туралы, Верный бекінісінде болған күрестер туралы да деректер кітаптан орын алған. Генерал Гасфор Алматыдан соғыс министріне мәлімдеме жолдайды. Онда Іле отрядының шайқасы туралы баяндайды. Верныйдағы отрядқа көмекке әскер жібереді. Верныйға (Алматы) қатысты басқа да тарихи деректер кітапта көптеп кездеседі.

162. МАХАЕВА А. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ-қырғыз байланыстары // Қазақ өркениеті. – 2008. – № 1. –77-83 бб.

Автордың бұл мақаласында XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ пен қырғыз арасындағы саяси байланыс мұрағаттық құжаттар, қазақ-қырғыз тілдеріндегі фольклорлық деректерге сүйене отырып жазылған. Сонымен бірге Шығыс Түркістандағы көтеріліске қолдау көрсеткен қазақ сұлтандары мен қырғыз манаптары, батырлары Верныйдағы түрмелерге қамалып, орыс бодандығына мойынсұнбаған басқаларына да үлгі болсын деп қатаң жазаланғандары туралы көптеген тарихи деректер келтірілген.

163. МАХАЕВА А. Тойшыбек би және оның заманы: Монография. – Алматы: Баянжүрек, 2006. – 5-145 бб.

Кітапта XIX ғ. өмір сүрген батыр, би Тойшыбек Қасаболатұлы бастаған жетісулық қазақтардың орыс жаулап алушыларына қарсы күресі және ол өмір сүрген заманның ерекшеліктері туралы тарихи деректер берілген. Жетісу жеріндегі қоқан-орыс келіспеушіліктері жайлы да баяндалады. Тойшыбек бекінісін жергілікті халық Алмалы деп атаған. Ол Алматы өзенінің Қаскелең өзеніне құяр сағасында тұрғандықтан «Алматыдағы Тойшыбек бекінісі» деп аталатын болды. Ш.Уәлиханов бұл өңірді «Үш Алматы» деп атаған, себебі, бұл жерден Үш Алматы – Үлкен Алматы, Орта Алматы, Кіші Алматы өзендері ағып өтетін болған. Тойшыбек би Ұлы жүздің дулат руының Ботбай тармағынан. Олар Алмалы шатқалын мекендеген. Келесі бір тармағы Ақсай, Қаскелең, Қастек, Қарақастек өңірлерін мекендеген. Үш Алматы шатқалы талай шайқастардың куәсі болған. Қоқан хандығының XIX ғ. басынан 70ж. дейінгі қоғамдық-саяси өміріне қазақтар да белсене араласты. Оған Үш Алматы үшін күресте Тойшыбек би бастаған қазақ сарбаздарының қоқандықтар мен қырғыздарға арқа сүйеуі. 1846-47 жылдары орын алған қазақ-қырғыз оқиғаларына қатысты мәселенің басын ашуда қазақ және қырғыз тілдеріндегі зерттеулердің маңызы зор. Әсіресе, Ы.Абдрахмановтың еңбегі өте құнды. Оның 1920 жылы Алматыда оқығандығы айтылады. Үлкен Алматы өзені бойында Перемышльский отрядына бірнеше билер келіп жолығып, өздерінің адалдығын білдіреді. Үш жүз қазақтарының қарсылығына қарамастан 1854ж. Алматы бекінісі салына бастайды. Орыстар Жетісуға келгенде Ұлы жүздің дулат руының егіншілік орнынан Верный бекінісінің негізін қалады. Бекініс ескі Алматы қаласының орнына салынды. Сондықтан да бұл бекініс –Алматы деп аталған. Кітапта Алматы қаласына қатысты басқа да тарихи деректер орын алған.

164. МЕМЛЕКЕТТІК Дума және ондағы қазақ зиялыларының қызметі // Озғанбай Өмірзақ. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917жж.). – Алматы, 1997. – 140-226 бб.

Автордың еңбегі Ресей Мемлекеттік Думасына қатысқан қазақтар туралы. Мемлекеттік Думаға қатынасу құқығына қазақ халқы 1906ж. ақпан айында ғана мүмкіндік алады. Верныйдағы 1906ж. қаңтардағы социал-демократтардың үгіт-насихат жұмысы, үндеу жариялауы. 1904ж. 4 шілдеде Верный қаласында сайлаушылардың таңдауы болады. Таңдау жергілікті биліктің күш көрсетуімен өтеді. Мемлекеттік Думаға сайланған қазақ депутаттары Алпысбай Қалменұлы мен Ахмет Бірімжан Петербургке Дума ашылғаннан кейін бір жарым ай өткен соң келеді. Сондықтан олар Мемлекеттік Дума жұмысына белсене араласа алмайды. Жетісу облысынан I Мемлекеттік Думаға Молда Тайынұлы, II Мемлекеттік Думаға М. Тынышбайұлы сайланады. 28 жасында депутат болып сайланған М.Тынышбайұлының өмірбаяны, қызметі жайлы айтылады. Ол Верныйдағы ерлер гимназиясын бітіреді. Кітапта сондай-ақ Верныйдағы ерлер гимназиясын Салық Аманжолұлы, Базарбай Мәмбетұлы, Нүсіпбек Жақыпбайұлы; Қанай Боранбайұлы, Ораз Жандосұлы, Жұбаныш Бәрібайұлы, Ысқақ Дүйсенбайұлы бітіргені жазылған. М.Тынышбайұлы 1917ж. Ақпан төңкерісін жас қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметіне жол ашады деп есептеді. О.А.Шкапский мен М.Тынышбайұлы Уақытша үкіметтің Жетісу облысындағы комиссары болып тағайындалады. Сол кезде Жетісу жерінде болған қасіреттің ауқымын, оның мәнін ашатын мақалалар мен деректерді «Қазақ» газетінде үзбей жариялайды. Оның мәліметі бойынша Қытай жерінде босқын қазақ-қырғыздардың саны 164 мың. Оның ішінде қырылғаны 83 мың, жеріне қайтқаны 69 мың, Қытайда қалғаны 12 мың. 1917ж. желтоқсандағы мақаласында Қытайдан қашқан қазақтардың саны туралы деректерді жариялайды. Елге қайтар жолда азап шегіп 95 мың адам қайтыс болды деп жазылған. 1917ж. 21-26 шілдеде Орынбордағы Жалпықазақ съезіне Жетісу облысынан депутат болып М.Тынышбайұлы сайланады. 1917ж. 5-13 желтоқсанда өткен съезде ол Ұлттық кеңеске, яғни «Алашорда» үкіметі құрамына сайланады.

165. МОСОЛОВ В.В. Жетісу. Семиречье. Semirechye. – Алматы: Қайнар, 1987. – 208 б.

Кітап Жетісу өңірімен таныстырады. Жерінің көркем табиғаты, климаты, өзендері, таулары, өсімдіктер дүниесі, құстары, кейбір жануарлары мен аңдары жайлы әңгімелейді. Жетісуда Совет өкіметін орнатуға қатысқан революционерлер. 1917 жылғы ноябрьдегі Верный қаласындағы контрреволюциялық бүлік. Жетісуда Совет өкіметін орнату үшін жүргізілген астыртын жұмыс. Верный қаласының астыртын тобының мүшелері, олардың іс әрекеті. Іле Алатауының туристік маршруттары. Алматыдан шығатын маршруттар. Медеуде, Көктөбеде, жас натуралистер көлінде, Құмбел шыңында, Қалыңтөбеде, Бұтақты аңғарында, Үлкен және Кіші Алматы, Қаскелең, Ақсай өзендерінің алаптары. Солтүстік маршрут: Қапалдан

басталып Лепсі қаласында аяқталады. Іле өзенімен саяхат. Шарынмен саяхат. Таулары. Тянь-Шань шыршасы. Кезінде Верный қаласында құрылыстар Тянь-Шань шыршасымен салынды. Алматы қорығы. Шипалы сулары. Қапал-Арасан. Алматы төңірегіндегі «Алма-Арасан» курорты. Түрген селосына жақын «Тау-Түрген» шипалы (родон) қайнары. Алматы қаласының батысына қарай 120 км жердегі Сарыбұлақ көлі. Бұл көлдің лай балшығы балалардың полиомелит ауруының сарқыншақтарын емдейді. Моловодное поселкесінен 40 км жердегі май балшығының шипасы мол Соркөл көлі. Панфилов ауданындағы Өсек көлінің тұнбасы да шипалы. Іле өзенінің сол жағалауындағы құмды шөлдегі бұрынғы «Аяқ-Қалқан» курортының айналасындағы асқазан, бүйрек және тері ауруларын емдейтін шипалы су. Қорғас бұлақтары.

166. МҰҚАНОВ М. Қазақ жерінің тарихы. – Алматы: Атамұра; Қазақстан, 1994. – 31-42 бб.

Кітапта Ресей империясының қазақ жерін XVIII ғасыр мен XIX ғасыр басында жүйелі түрде отарлауы туралы айтылады. 1855ж. Алматы (келесі жылы Верный деп аталған) станицасы құрылады. 1867ж. 15000 адамы бар Жетісу казак әскері құрылады. Казактар саны жыл сайын өсіп, 1908ж. олардың саны 34468 адамға жетіп, 610484 десятина жерге иелік етеді. Тартып алынған жерлерден 1867ж. Жетісу облысының округтері құрылады. Жетісу облысы 6 уезден тұрады. Верный уезі Іле өзенінен әрі қарай Балқаштың оңтүстік жағасына дейін және Шу тауларының бөктерлеріндегі жерлерге орналасады. 1897ж. санақ бойынша уезде 151485 қазақ, 35500 орыс, 25701 ұйғыр өмір сүрген. Бұлардан басқа да ұлт өкілдері тұрған. Верный уезін Ұлы жүздің шапырашты, дулат, ысты, жалайыр, албан, қаңлы және сарыүйсін тайпалары мекендеген. Бұл рулардың жазғы жайлаулары Үлкен Алматының бас жағы, Алатау бөктерлері, Шу-Іле тауларының бас жағы болған.

167. МЫРЗАХМЕТОВ М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы: Атамұра; Қазақстан, 1993. – 128 б.

Ғалым бұл кітабында патшалық Ресейдің қазақ халқын отарлау мақсатында жүргізген орыстандыру саясатының түпкі мәнін ашып көрсетеді. Жер-су аттарының орысшаға өзгертілуі, қазақтарды діннен бездіріп, шоқындыру мақсатында жүргізілген әрекеттері айтылады. Верныйдағы дін орындары келешек миссионерлік жолға берілген дін кадрларын даярлау үшін ерлер мен қыздар монастырын ашуға қаржы бөледі. Жетісудың генерал-губернаторы Колпаковский бұл монастырьға айрықша назар аударып, қаржылай қол үшін беретінін ресми түрде мәлімдеген. 1871 жылы Верный қаласында Түркістан өлкесі үшін архиерей кафедрасы ашылады. Миссионерлік қызметті жандандыру үшін 1872ж. Верныйда архиепископ резиденциясы ашылады. 1901ж. 11 қарашада Верныйда миссионерлік эпархиальный комитет құрылады. Оған қаланың бас көтерер шенеуніктері, әскери қызметкерлер, купецтер мүше болады. Олар миссионерлік үгіт, насихатты өрістетеді.

168. НҰРМАҒАМБЕТОВ Ә., СЫДЫҚОВ А. Жер сілкіну және болжам / Қазақ ССР Ғылым академиясы. Сейсмология институты. – Алматы: Ғылым, 1979. – 10-18, 31-32 бб.

Кітапта Қазақстан аймағында болған жер сілкінулер туралы алғашқы деректер берілген. Алайда ғылыми тұрғыдан зерттеулер ХІХ ғ. аяғы мен ХХ ғ. басында басталады. Сол кездегі ірі қалалар, Верный, Жаркент, Лепсіде болған күшті жер сілкінулер туралы мәліметтер ғалым-геолог И.В.Мушкетовтың атымен тығыз байланысты екені айтылған. Оның Верный қаласында 1887ж. 8 июньде болған 9 баллдық жер сілкінуі туралы жазған еңбектері бүкіл Орта Азия сейсмология ғылымының дамуына көрнекті үлес қосқаны жазылған. Кейбір тарихи деректерде жазылған 1807ж. қазіргі Алматы қаласының аймағында болған жер сілкінулер. 1868, 1874 және 1880 жылдарда Алматы қаласының маңында жер сілкінулер болған. 1887ж. 9 июньде таңертеңгі 4 сағат 35 минутта болған жер сілкінуі. Верный қаласындағы 1799 кірпіш үйден 1798-і қирап, немесе қатты зақымдалған. 1911ж. 4 январь күнгі Кемін жер сілкінуі. Алматыда жер сілкінуі салдарынан кесектен және тастан салған 776 үй қираған. Жер сілкінудің эпицентрі Верный қаласының оңтүстігінде 40-50 км жерде Іле және Күнгей Алатау жоталарының арасындағы Үлкен Кемін өзенінің арнасында орналасқан. Алматыдағы Сейсмология институты жер сілкінуді зерттейтін ғылыми орталық. Қазақстандағы сейсмикалық станциялардың тізімі. Орталық Алматы, Шелек, Фабричная, Талғар, Түрген т.б. станциялар, олардың ашылған жылдары көрсетілген.

169. НҰРПЕЙІСОВ К. Қазақстанда Совет өкіметінің жеңіске жетуі (Ұлы Октябрьдің 57 жылдығына байланысты лекторға көмекші материал) / Қазақ ССР «Білім» қоғамы. – Алматы, 1974. – 22 б.

Кітапта Қазақстанда Ұлы Октябрь социалистік революциясына әзірлену, революцияның жеңіске жетуі және Совет өкіметінің орнауы туралы айтылады. Осы мақсатта Жетісу облысының Верный қаласында құрылған жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері. Верный қаласында 1917ж. 12 мартта Советтің алғашқы мәжілісі болып, Советтің атқару комитеті сайланады. 1917ж. жазда Верныйда Тәшен Өтепов пен Жүсіп Бабаевтың басшылығымен қаладағы қазақ, ұйғыр батрактарының басын біріктірген «Қара жұмысшылар одағы» құрылады. Бұл одақ социалистік революция үшін жүргізген күрес барысында коммунистердің жергілікті еңбекшілер арасындағы тірегі болады. 1917ж. 28 майда Верный уезіне қарасты Қорам және Малыбай болыстарында Т.Бокиннің басқаруымен болған еңбекші шаруалар жиналысы. Жиналыста байлардың меншігіндегі жерлерді кедейлерге үлестіру туралы шешім қабылданады. 1918ж. февраль айының екінші жартысынан бастап Жетісу облысындағы және Верныйдағы күштер салмағын өз жақтарына ауыстырып алған өлке большевиктері контрреволюцияшыл «Әскери үкіметке» қарсы қарулы көтерілісті дайындайды. Революциялық комитет құрылады. Құрамында Т.Бокин,

П.Виноградов, Т.Өтепов, С.Журавлев, Р.Маречек т.б. болды. 1918ж. марттың екісінен үшінше қараған түні Верныйда осы Ревком басқарған күштер «Әскери үкіметке» қарсы қарулы көтеріліс жасайды. Көтерілісшілер қару-жарак қоймасын, почта мен телеграфты т.б. мекемелерді басып алады. Верныйда Совет өкіметінің орнауы оның уезд орталықтары мен басқа да ірі елді мекендерде жеңіске жетуін жеңілдетеді.

170. НҰРПЕЙІСОВ К. Ұлы Октябрь Қазақстанда / Қазақ ССР Ғылым академиясы. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты. – Алматы: Ғылым, 1987. – 49-52 бб.

Кітапта Верныйда совет өкіметін орнату үшін Жетісу большевиктерінің істеген жұмыстары, үгіт, насихаттары айтылады. Олардың қатарында Т.Өтепов, Т.Бокин; Ж.Бабаев т.б. болды. Совет өкіметін орнату жолында большевиктердің Қызыл гвардия жасақтарының ұйымдастырылуы. Олардың қарулануы. Әскери-революциялық комитеттің құрылуы. Оның құрамына П.М.Виноградов, Л.П.Емелев, Т.Бокин; Т.Өтепов, С.М.Журавлев, Р.П.Маречек т.б. большевиктер кіреді. 1918 жылдың 2-13 январында Верныйда Екінші облыстық шаруалар съезі өтеді. Большевиктер Верныйда Совет өкіметін орнатуға қарулы әрекет жасайды. «Әскери үкіметтің» басшылары мен Уақытша үкіметтің облыстық комиссарлары қашып кетеді. Верный қаласында Совет өкіметі жеңіске жетеді.

171. НҰРЫМБЕТОВА Г. Ораз Жандосов: Қоғамдық-саяси қызметі. – Алматы, 2000. – 7-181 бб.

Кітап революционер, мемлекет және қоғам қайраткері Ораз Жандосовтың өмір жолы жайлы. Ол Алматы облысы Шамалған ауылында дүниеге келген. Ол өзінің саяси қызметін 1918ж. Верный гимназиясын бітіргеннен кейін бастайды. Оның бар өмірі, қызметі Алматы қаласымен тығыз байланысты болғандықтан, кітапта Алматы қаласы жайлы тарихи деректер мол.

172. ӨЗБЕКҰЛЫ С. Арыстары Алаштың: Тарихи очерктер. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 107, 182 бб.

Кітапта ХХғ. басында ғұмыр кешіп, есімдері елеусіз қалған халық қайраткерлері жайында баяндалады. Сондай зиялы азаматтардың бірі – Ы.Дүйсенбаев 1887ж. Верный уезінің Кіші Алматы болысында дүниеге келген. Ол осы Верный қаласында оқып, білім алады. Верный гимназиясын 1907ж. бітіріп шығады. Оның бар өмірі Верный қаласында өтіп, 1912ж. осы жерде қайтыс болады. Сондай азаматтардың бірі – Б.Сыртанов та Алматы облысында дүниеге келіп, қызмет жолын Алматы қаласында бастаған.

173. ПОЗДЕЕВ-БАШТА А. Алматы. Верный. Алма Ата. Almaty: Қала шежіресі. – Алматы: Білім, 2004. – 104 б.: 14 п. сурет.

Автордың бұл кітабы Алматының тарихына (бұрынғы Верный бекінісі) арналған. Алматының шежіресін 4 кезеңге бөліп көрсетеді: Ежелгі және орта

ғасырлардағы тарихы; ХІХғ. – ежелгі елді мекеннің орнына стратегиялық бекіністің пайда болып, қалыптасуы; ХХғ. алғашқы жартысы – қаланың дамуы және Қазақстанның астанасына айналуы. ХХғ. екінші жартысы – қаланың гүлденуі және ерекше мәртебеге – Қазақстан Республикасының экономикалық, мәдени және ақыл-ой орталығы мәртебесіне ие болуы. 1854ж. көктемінде Кіші Алматы өзенінің батыс жағасында, Алматының ежелгі қираған орнынан солтүстік шығысқа қарай сол кездегі майор М.Д. Перемышльскийдің отряды Іле бекінісін (кейін Верный аталған) салады. 1854ж. Верное бекінісі ағаш қоршаумен қоршалады. Әскери бекіністің жанынан Үлкен станицаның негізін қалаған алғашқы қоныс аударушылар пайда болады. Кіші станица және Татар слободкасы бой көтеріп, оған қолөнершілер, жұмысшылар, татар көпестері қоныстанады. 1855ж. Верныйға Үлкен орда жасауылының резиденциясы көшіріледі. 1856ж. Верныйға белгілі саяхатшылар Ш. Уәлиханов пен Семенов-Тянь Шанскийдің келуі. 1860 жылғы Ұзынағаш шайқасы. 1862ж. Верное – Пішпек (қазіргі Бішкек) телеграф желісінің құрылысы. 1858ж. Сібір корпусының құрамына кіретін генерал М.Г.Черняев басқаратын әскери отрядтың құрылуы. Ш.Уәлихановтың әскери экспедицияға шақырылуы. Черняевтың іс-әрекеттеріне наразылығы бар басқа бір топ офицерлермен бірге Верныйға оралуы. 1867 жылғы 11 апрельде Верныйға қала мәртебесін беру туралы шешім қабылданды. Жылдың соңында қаланы орналастыру жөнінде арнаулы комитет құрылады. Комитет қаланы орналастыру жобасын, ережелерін бекіту, жер бөлу мәселесін шешумен айналасады. Қаладағы үйлер негізінен тастан салынады. Соған қарамастан қала төңірегіндегі ормандарды кесу кең құлаш жайды. Жетісу облысының алғашқы губернаторы, әрі казак әскерлерінің алғашқы атаманы Г.А.Колпаковский орманды кесуге, ағаштан үйлер салуға тиым салады. Верный қаласының маңындағы шатқалдарға қарауыл қойылады. Ол жер қарауыл сарбаздарының есімімен – Бутаковское, Каменское, Ремизовское... шатқалы деп аталады. 1870ж. қалада 17 ұлт өкілі тұрды. Осы жылы Верныйда «Семиреченские областные ведомости» деп аталатын облыстық газеттің алғашқы номері шықты. 1871ж. Кіші станицада храм салынады. Қалада салынған мешіттердің жанынан мұсылман мектептері ашылады. 1875ж. «Сауда үйі» салынады (қазіргі төбесі жабылған Көкбазар). Қаланың алғашқы әкімі болып П.М.Зенков сайланады. Бұдан кейін қалаға ағаштар отырғызылып, көшелерге атаулар беріледі. 1887 жылғы жер сілкінісі. 28 мамырда таңғы 4 сағ. 35 минутта болған жер сілкінісінен 483 адам қаза табады, жараланғандардың саны анықталмаған. Сол жылдың 1 маусымында Жетісу облысының әскери губернаторы өзінің бұйрығында «Жер сілкінуі кезінде кірпіштен салынған үйлердің осалдығына байланысты алдағы уақытта үйлерді тек ағаштан тұрғызу ұсынылады» деген. 1889ж. тағы да жер сілкінісі болады. Ол 30 маусымнан 3 шілдеге дейін созылады. Кітапта Верный қаласының жоғары сапалы жеміс бақтары, атақты Баум тоғайының негізі қалануы, орыс-казак мектептері, Верныйдағы ерлер гимназиясында арнаулы казак пансионы (226 оқушының 22-сі казак балалары) бағбандық училищелер, өлкетану мұражайы мен кітапхана ашылуы туралы айтылады.

1914ж. 1-Дүниежүзілік соғыс кезіндегі Верныйдың экономикалық жағдайы. 1918ж. Кеңес өкіметінің орнауы. 1921ж. Верныйды Алматы қаласы деп атау туралы шешім қабылданады 1929ж. мамырда Алматы Қазақстанның астанасы болады. Кітапта Алматы қаласының мәдениет орындары, театрлар, институттардың ашылуы, газет-журналдардың шығуы, соғыс кезіндегі (1941ж.) Алматыдан бастап, тәуелсіздік алғаннан кейінгі Алматы тарихы жазылған.

174. ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ. – Алматы: Экономика, 2004. – 6-165 бб.

Жинақ ірі мемлекет және қоғам қайраткері, экономист-ғалым Т.Рысқұлов туралы. Ол өз еңбектерінде қазақ халқының әлеуметтік, экономикалық жағдайы туралы мәселелерді қозғайды. 1894ж. Жетісу облысының Верный уезінде (қазіргі Алматы) дүниеге келген. Өз елі үшін көп еңбек сіңірген. Алматыдағы Халық шаруашылық институтының шаңырақ көтеруіне, ұлттық кадрлар мен мамандар дайындауда, халыққа білім берудегі еңбектері орасан зор.

175. ҰЛЫ Октябрь социалистік революциясының жеңісі және қазақ ауылын советтендірудің алғашқы кезеңі (ноябрь 1917ж. – июнь 1918ж.) // Нұрпейсов К. Қазақстанның шаруалар советтері (1917 – 1929 жылдар). – Алматы: Ғылым, 1972. – 58-105 бб.

Автор ауылдық Советтерді ұйымдастыру жұмысы туралы, әр уезге жіберілген партия-совет қызметкерлерін, олардың атқарған қызметтерін көрсетеді. Верный уезінің ауылдарына – Б. Үмбетбаев, К. Күшелеков, Т. Бокин, А. Розыбакиев жіберіледі. 1918ж. жазында Верный уезінде 49 ауыл, село Советтері ұйымдасады. Верный уезінің ауылдарында Советтер құру ісін басқаруға белгілі революционер Т. Бокин мен Жетісу өңірінің алғашқы большевиктерінің бірі, кейін республиканың ірі қоғам және партия қайраткері дәрежесіне дейін өскен Ораз Жандосов үлкен үлес қосады. Т. Бокин 1918ж. көктем және жаз айларында Жетісу облысының біраз болыстарында (Кіші Алматы, Балғалы, Алтын Емел, Андас) байлардың малын ашаршылыққа ұшыраған және тұрмысы ауыр ауыл кедейлеріне алып береді. Алайда осы істердің оңайлықпен жүргізілмегені жазылған.

176. Ш.В. Қырғыздар турасында // Шора журналы, 1911.- №4.- 102-104 бб.

XX ғасырдың басындағы жетісу қазақтарының экономикалық және мәдени жағдайына байланысты.

177. АРХИВНЫЕ источники по истории Октября и гражданской войны в Казахстане (1917-1920 гг.): Путеводитель / Под ред. П.М. Пахмурного, С.С. Голубятникова. – Алма-Ата, 1958. – 123 с.

Настоящий путеводитель состоит из трех разделов. Первый раздел посвящен партийным архивам Казахстана. Сюда включены протоколы и постановления штаба Верненской коммунистической дружины, Верненского

уездно-городского комитета и Алма-Атинского обкома КП Казахстана. Второй раздел объединяет характеристики фондов краевого значения и областного масштаба. Содержит записи переговоров между Уполномоченным Реввоенсоветом Туркфронта по Семиречью Д.А. Фурмановым, командующим Туркфронтом М.В. Фрунзе и членом Реввоенсовета Туркфронта В.В. Куйбышевым о политическом и хозяйственном положении Семиречья. О немедленном отпуске по просьбе Фурманова средств для восстановления транспорта в Семиречье и организации близ Медео санатория с кумысолечебницей для легочных больных и раненых красноармейцев. Третий раздел включает составленные по различным архивам перечни фондов, в т.ч. перечень фондов Государственного архива Алма-Атинской области.

178. АСФЕНДИЯРОВ С.Д. Национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане / Отв. ред. К.С. Павлов. – Алма-Ата-Москва: Казахстанское краевое издательство, 1936. – 152с. – Библиогр.: с.143-149.

В научно-исследовательской работе, посвященной 20-летию исторического восстания казахов против царизма, содержится много материалов, публикуемых впервые, особенно в части оценки позиций, в то время именуемой «буржуазно-националистической интеллигенции». Подробно исследуются корни и истоки национально-освободительного восстания 1916 года, одним из очагов которого была «Семиреческая область (охватывавшая территорию современной Алматинской области и восточной части Кыргызской Республики). Упоминается о начале восстания в Верненском уезде, возникшей в результате объявленной мобилизации казахов на тыловые работы в армию. Хотя восстание было подавлено, сама мобилизация сыграла огромную роль в развитии классового самосознания масс, расширив их кругозор, дав возможность им приобрести революционный опыт в дальнейшем развитии национально-освободительного движения.

179. БАРТОЛЬД В. Очерки истории Семиречья. Т. II // Памятная книжка Семиреченского областного статистического комитета на 1898 год. – г. Верный, 1898. – С.74-170.

Предлагаемый труд представляет собой, собранный в одно целое, известный до сих пор, исторический материал о Семиречье, основанный на печатных и рукописных источниках. В хронологическом порядке идет описание династий и народов, проживавших на территории Семиречья: усуней, тюрков, карлуков, караханидов, кара-китаев, монголов, могулистан, калмыков. Интересным представляется краткое описание киргизов и казаков, полученное на основе анонимного турецкого сочинения, написанного в 1582 г. (С.164). Есть упоминание о г. Верном (С.147). К очерку приложен хронологический указатель.

180. БЕЛЛЬЮ. Кашмир и Кашгар: Дневник английского посольства в Кашгар в 1873-1874 г. - СПб., Тип. товарищества «Общественная польза», 1877. - 309 с.

В дневнике упоминается о кашгарских казахах, из которых треть признается подданными эмира, остальные делятся между Россией и Кокандским ханом. Найманы, которых здесь насчитывают тысячи палаток, были прежде несторианскими христианами и пришли сюда с северо-востока Или в начале тринадцатого столетия.

181. БРАЙНИН С., ШАФИРО Ш. Из истории революции 1905 года в Семиречье // Большевик Казахстана. - 1935. - № 12. - С. 47-58.

Революция 1905 года привела в движение многомиллионные массы населения в России, в том числе в Семиречье. Первыми пропагандистами революционного марксизма были ссыльные социал-демократы, высланные в Казахстан из центральных районов России. В статье приводятся воспоминания современников о революционной ситуации 1905 г. в Верном и Семиречье: Фрунзе М.В., Виноградова П., Бабаева Ю., Шакирзянова С., Тойчибекова А. и др.

182. БРАЙНИН С., ШАФИРО Ш. Из истории 1917 года в Семиречье // Большевик Казахстана. - № 11. - С. 68-86.

Весть о Февральской революции 1917 года распространилась по всему Казахстану. Организуются профсоюзы и советы рабочих и солдатских депутатов. Во второй половине марта развертывает свою работу Верненский совет. В мае 1917 г. в Верном возникает «Объединенный союз мусульманских рабочих». С первых дней Февральской революции в Семиречье была развернута большевистская агитация, в Верном появляется газета «Правда».

183. БРАЙНИН С., ШАФИРО Ш. Первые шаги Советов в Семиречье / Под ред. Н. Тимофеева; КазНИИ марксизма-ленинизма. - Алма-Ата; М.: Каз. краевое изд-во, 1934. - 90 с.

Основываясь на конкретных документальных данных, авторы освещают историю первых шагов Советов в Семиречье с ноября 1917 г. по июнь 1918 г. В г. Верном в этот период были созданы комиссариаты «по урегулированию русско-туземных отношений», комиссия по реквизиции предметов «первой необходимости и разных товаров». Конфискационными комиссиями были национализированы все предприятия Торгового дома «Никиты Пугасова и С-я».

184. БРАЙНИН С., ШАФИРО Ш. Советский переворот в Семиречье // Большевик Казахстана. - 1936. - № 3. - С. 53-66.

В статье освещаются события в Верном и Семиречье за период с ноября 1917 г. по март 1918 г., когда развернулась борьба за власть между большевиками, Семиреченским областным киргизским советом и войсковым

советом Семиреченского казачьего войска, который объявил себя войсковым правительством.

185. БРОЙДО Г.И. Восстание киргиз в 1916 г. (мое показание прокурору Ташкентской судебной палаты, данное 3-го сентября 1916 г.) // Восстание казахов и киргизов в 1916 году. - Лондон, 1989. - С. 123-168.

В начале августа, в связи с мобилизацией казахов на тыловые работы, началось брожение широких масс, превратившееся в восстание и охватившее почти все Семиречье, в т.ч. Верненский уезд. По мнению автора, «восстание было результатом провокационной работы всей администрации, не исключая высшей, направленной на то, чтобы вырезать казахское население и очистить земли для дальнейшей колонизационной деятельности правительства».

186. БУКЕТОВА Н.А. Алма-Ата и Алматинцы. - Алматы: Елнұр, 2007. - 160 с.: 16 ил.

Автор освещает историю родного города, используя архивные материалы и личные воспоминания. Часть книги представляет собой перечень архивных документов по г. Верному. Интересны цветные вклейки с изображениями памятников архитектуры г. Верного: дом Пугасова в «Нижне-садовых участках», дом купца Зубова на ул. Таранчинской, мужская гимназия на ул. Губернаторской, Верненский детский приют на ул. Мещанской, пансион при мужской гимназии на пр. Колпаковского, дом Зенкова на Губернаторской улице, магазин купца Габдулвалиева на Торговой улице и др.

187. ВЕЛИКАЯ Октябрьская социалистическая революция в Казахстане / Отв. ред. Т.Е. Елеуов. – Алма-Ата, 1967. – 500 с.

В книге последовательно излагаются важнейшие события, происходящие в Казахстане в период подготовки и проведения Великой Октябрьской социалистической революции. Летопись состоит из кратких записей фактов с указанием места событий, в том числе г. Верного. События датируются до 1 февраля 1918 г. по старому стилю, 14 февраля 1918 г. – по новому стилю. Весь материал размещен в строгом хронологическом порядке.

188. ВЕРНЫЙ // Энциклопедический словарь / Ф.А. Брокгауз, И.А. Ефрон. - СПб. - 1892. - Т. VIIA. (14) - С. 642-643.

189. ВОПРОСЫ истории Казахстана XIX – начала XX века / Отв. ред.: П.Г. Галузо, Т.Е. Елеуов. - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1961. - 202 с. - (АН КазССР. Труды Института истории, археологии и этнографии. Т. 11).

Сборник посвящен истории аграрных отношений, рабочего и аграрного движения в Казахстане, развития обрабатывающей промышленности и формирования национальных кадров рабочего класса и народного образования в конце XIX – начала XX века. Затронуты вопросы уйгурского и

дунганского крестьянства на территории дореволюционного Семиречья и Верненского уезда.

190. ВОСПОМИНАНИЯ участников революционных событий и гражданской войны в Киргизии. – Фрунзе, 1957. – 187 с.

В книге собран большой фактический материал из воспоминаний участников революционных событий и гражданской войны в Киргизии. Описывается мятеж в г. Верном в марте 1918 г. (С.112-115).

191. ВОССТАНИЕ 1916 года в Казахстане (документы и материалы) / Сост.: Ф.Н. Киреев, Ш.Я. Шафиро. - Алма-Ата, 1947. - С. 9, 14, 51, 54, 116, 126, 127, 131.

В книге подробно говорится о восстании А. Иманова: о движущих силах восстания, активном участии казахской демократической интеллигенции в повстанческом движении, об участии широких народных масс в повстанческом движении в рапорте, телеграммах, донесениях атаманов, участковых приставов - прокурору Верненского окружного суда.

192. ГОРБАНЬ Н.В., РОДИОНОВ Ф.М. Алма-Ата – столица социалистического Казахстана / Ред. М. Ряднин. – Алма-Ата-Москва: Казакстанское краевое изд-во, 1933. – 36 с.

